

"Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 160 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 19 мамырда № 22769 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11687 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өсімдіктерді қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 7) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларында:

2-тармақтың 15) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"15) пестицидтердің шығыс нормасы – өңделетін алаң бірлігіне пестицид массасы немесе көлемі (гектарға/тоннаға/шаршы метрге килограмм немесе литр);";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімге:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке қысқаша дерекнама;

2) өтінім берілген пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі құрамының нормативтері;

3) өтінім берілген пестицидтердің өсімдік шаруашылығы өнімі мен қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшерлерін анықтау жөніндегі әдістемелік нұсқаулар;

4) пестицидті өндіруші елде пестицидті және оның әсер етуші заттарын өндіруге рұқсатты куәландыратын құжат;

5) ұсақмөлдекті сынақтарға өтінім берілген пестицидтің әсер етуші затының немесе пестицидтің өзінің әкелуге тыйым салынған және 2001 жылғы 22 мамырдағы Орнықты органикалық ластағыштар туралы Стокгольм конвенциясының ("Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 6 қазандағы № 131 шешімімен енгізілген) А және В қосымшаларының күші қолданылатын өсімдіктерді қорғау құралдарының және басқа да орнықты органикалық ластағыштардың тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) және (немесе) тиісінше "Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 15 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-276/2020 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21804 болып тіркелген) сәйкес Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған әлеуетті қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізілмегенін растайтын уәкілетті мемлекеттік органдардың хаттары қоса беріледі.

9. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу үшін тіркелуші (өтінім беруші) орындаушы ұйымдарға:

1) пестицидтің сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы тәжірибелік үлгісін;

2) осы Қағидалардың 9-1-тармағында көрсетілген жағдайларды қоспағанда, сәйкестік сертификатымен немесе талдау сертификатымен бірге зауыттық орамдағы эталондық пестицидті;

3) әсер етуші заттың талдамалық стандартын;

4) зертханалық зерттеулер жүргізуге арналған метаболиттердің талдамалық стандарттарын ұсынады.";

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

"9-1. Қазақстан Республикасында тіркелген эталондық пестицид болмаған жағдайда , Ведомствоның келісімімен Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттерінде тіркелген ұқсас мақсаттағы эталондық пестицидті мынадай кезектілікпен қолдануға жол беріледі:

1) әсер етуші зат, оның формуляциядағы құрамы, препараттық нысаны, дақылдар мен зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің спектрі бойынша сәйкес келетін пестицид;

2) әсер етуші зат, оның формуляциядағы құрамы, дақылдар мен зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің спектрі бойынша сәйкес келетін, бірақ препараттық нысаны бойынша сәйкес келмейтін пестицид;

3) әсер етуші зат, препараттық нысан, дақылдар мен зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің спектрі бойынша сәйкес келетін, бірақ әсер етуші заттың мөлшері бойынша сәйкес келмейтін пестицид;

4) осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көрсетілген пестицидтер болмаған кезде эталон ретінде препараттық нысаны бойынша ерекшеленетін немесе сәйкес келетін және дақылдар мен зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің спектрі бойынша сәйкес келетін, сыналатын пестицидпен аттас химиялық топтан алынған пестицид таңдалады;

5) осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген пестицидтер болмаған кезде эталон ретінде өзге химиялық топтан ерекшеленетін немесе препараттық нысаны бойынша сәйкес келетін және дақылдар мен зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілер мен бөтен текті түрлердің спектрі бойынша сәйкес келетін пестицид таңдалады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген эталондық пестицидтер болмаған кезде пестицидтерге ұсақмөлдекті сынақтар эталонсыз жүргізіледі.";

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Мынадай жағдайларда пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтінімдерді қабылдаудан бас тартылады, егер:

1) пестицидтердің әрекет етуші заттары немесе пестицидтің өзі өте уыттыға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбелеріне және Тізілімге енгізілсе;

2) пестицидтердің әсер етуші заттары немесе пестицидтің өзі Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

3) осы Қағидалардың 8 және 9-тармақтарында көзделген материалдардың біреуі болмаса;

4) Қазақстан Республикасында және Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттерінде ұқсас дақылдардағы және дәл сондай зиянды организмдерге, аса қауіпті зиянды организмдерге, карантиндік объектілерге және бөтен текті түрлерге қарсы қолданылатын бұрын тіркелген пестицидтерден ерекшеленетін, шығыс нормалары төмендетілген пестицидті сынауға өтінім берілсе;

5) пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге өтінім ағымдағы жылғы 1 ақпаннан кейін берілсе.";

12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Пестицидтерді пайдалану регламенттерін әзірлеу бөлігіндегі ұсақмөлдекті сынақтар осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдердің, карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің ерекшеліктері (таралу ареалы, экономикалық мәні, ұрпақ беру саны, патогендігі,

төзімділігі) ескеріле отырып, дақылдарды өсірудің негізгі топырақтық-климаттық аймақтарында жүргізіледі.

13. Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу мерзімдері:

1) биологиялық заттар негізіндегі пестицидтерді қоспағанда, жаңа әсер етуші заттары бар пестицидтер үшін – 24 айды (2 толық вегетациялық маусымды);

2) белгілі әсер етуші заттары бар пестицидтер, оның ішінде құрамдастырылған препараттар үшін тіркелген пестицидтерді пайдалану (қолдану) аясы кеңейтілген, олардың рецептурасы мен препараттық нысаны, әсер етуші заттың пайыздық мөлшері өзгерген кезде – 12 айды (1 толық вегетациялық маусымды);

3) биологиялық зат (-тар) негізіндегі пестицид үшін – 12 айды (1 толық вегетациялық маусымды) құрайды.

Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу кезеңінде Заңның 10-бабы 1-тармағының 1), 2) тармақшаларына және "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Өсімдіктер карантині туралы заң) 7-1-бабы 2-тармағына сәйкес өсімдіктерді қорғау саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік ұйымның ресми деректеріне сәйкес зиянды организмдер, аса қауіпті зиянды организмдер болмаған немесе олардың саны мен даму дәрежесі зияндылықтың экономикалық шегінен төмен болғанда, сондай-ақ карантиндік объектілер мен бөтенекті түрлер болмаған кезде пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу мерзімі 1 (бір) вегетациялық маусымға ұзартылады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Ведомство пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу жоспарын әзірлейді және бұйрықпен бекітеді, оны бекіткеннен кейін ағымдағы жылғы 5 наурызға дейін оның тиісті үзінділерін тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және ұсақмөлдекті сынақтарды өткізуге рұқсат берілген орындаушы ұйымдарға, сондай-ақ Ведомствоның облыстық аумақтық инспекцияларына 10 (он) жұмыс күні ішінде жолдайды.

Пестицидтерді ұсақмөлдекті сынақтардан өткізу жоспарына пестицидті енгізу пестицидтің тіркелмеген тәжірибелік үлгісін ұсақмөлдекті сынақтарды жүргізуге қажетті мөлшерде Қазақстан Республикасында өндіруге (формуляциялауға) және Қазақстан Республикасына әкелуге негіз болып табылады. Пестицидтердің қажетті мөлшері пестицидтің жұмсалыу нормасын, зиянды организмдердің, аса қауіпті зиянды организмдер, карантиндік объектілер және бөтенекті түрлер мен дақылдардың мөлшері негізге ала отырып, есептеледі.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтерді тіркеу (өндірістік) сынақтарынан өткізуге арналған өтінімді тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға қолма-қол немесе почта арқылы ағымдағы жылғы 1 ақпанға дейін береді.

Биологиялық зат (-тар) негізіндегі пестицидті өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінім пестицидтің ұсақмөлдекті сынақтардан өткізуге арналған өтініммен бірге беріледі.

Пестицидтерді тіркеу (өндірістік) сынақтарына өтінім осы Қағидалардың 7-тармағының үшінші бөлігінде көзделген талаптарды сақтай отырып толтырылады.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімдер мынадай жағдайларда қабылданбайды, егер:

1) пестицидтердің әсер етуші заттары аса уытты заттарға жатса, сондай-ақ Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбесіне және Тізілімге енгізілсе;

2) уәкілетті мемлекеттік органнан пестицидтердің адамның денсаулығына және қоршаған табиғи ортаға қауіптілігі туралы бұрын белгісіз деректер алынса;

3) пестицидтердің әсер етуші заттары Қазақстан Республикасының патенттерімен қорғалса;

4) пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінім ағымдағы жылғы 1 ақпаннан кеш берілсе;

5) биологиялық зат (-тар) негізінде пестицидті өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімді беру жағдайларын қоспағанда, Ведомствоға пестицидтердің өткізілген ұсақмөлдекті сынақтарының нәтижелері туралы есептер ұсынылмаса;

6) пестицидтердің өткізілген ұсақмөлдекті сынақтарының есептерінде оларды өндірістік сынақтардан өткізу орындылығы туралы ұсыныстар болмаса.";

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Ведомство ағымдағы жылғы 30 наурызға дейін пестицидтерді өндірістік сынақтардан өткізу жоспарын әзірлейді және бұйрықпен бекітеді, оны бекіткеннен кейін оның тиісті үзінді көшірмелерін тіркелушілерге (өтінім берушілерге) және өндірістік сынақтар жүргізуге рұқсат етілген орындаушы ұйымдарға, сондай-ақ Ведомствоның облыстық аумақтық инспекцияларына 10 (он) жұмыс күні ішінде жолдайды.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Ведомство мен орындаушы ұйымдардағы, сондай-ақ уәкілетті мемлекеттік органдардағы пестицидтерге арналған тіркеу дерекнамасының материалдары Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 125 және 126-баптарына сәйкес жариялануға жатпайды.

Тіркелуші (өтінім беруші) Ведомство қарайтын құжаттардың ішінен мазмұны коммерциялық құпияны құрайтын, құпия сипаттағы құжаттарды "құпия" белгісімен белгілей отырып, олардың тізбесін айқындайды.

Ведомство тіркелуші (өтінім беруші) ұсынған тіркеу дерекнамаларының, сондай-ақ пестицидтерді ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтардан өткізуге арналған өтінімнің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

Орындаушы ұйымдар тіркеу дерекнамаларының бір бөлігі болып табылатын осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі ұсақмөлдекті сынақтарының нәтижелері туралы есепті және осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі өндірістік сынақтардың нәтижелері туралы есепті (бұдан әрі – ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарының нәтижелері туралы есептер) және пестицидтердің токсикологиялық бағаларының нәтижелері туралы есептердің құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

Уәкілетті мемлекеттік органдар келісуге келіп түскен пестицидтерге арналған тіркеу дерекнамасы материалдарының құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдай жасайды.

39. Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы (бұдан әрі – портал) электрондық нысанда Ведомствоға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуге өтінімді осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес "Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында (бұдан әрі – Стандарт) көрсетілген құжаттарды қоса тіркеп ұсынады.

Пестицидті мемлекеттік тіркеуге өтінім осы Қағидалардың 7-тармағының үшінші бөлігінде көзделген талаптарды сақтай отырып толтырылады.

Пестицидті мемлекеттік тіркеуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның мазмұны мен пестицидке тіркеу куәлігін беру процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны, сондай-ақ өзге де мәліметтер Стандартта баяндалған.

Тіркелушінің (өтініш берушінің) порталдағы "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұраным қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі.

Ведомство кеңсесі құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады және жауапты құрылымдық бөлімшеге орындауға береді.

Тіркелуші (өтініш беруші) Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде, құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері құжаттар тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде пестицидке арналған тіркеу дерекнамасының ұсынылған құжаттарының толықтығын тексереді.

Тіркелуші (өтініш беруші) құжаттар топтамасын және (немесе) мәліметтерді толық ұсынбаған, қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері өтінімді одан әрі қараудан уәжді бас тартуды дайындайды және тіркелушіге (өтініш берушіге) жолдайды.

Тіркелуші (өтініш беруші) Стандартта көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынған кезде Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері уәкілетті мемлекеттік органдарға сұраным жолдайды, олар 10 (он) жұмыс күні ішінде Ведомствоға 10 жыл мерзімге пестицидті мемлекеттік тіркеуді келісу немесе пестицидті мемлекеттік тіркеуді келісуден бас тарту ұсынымдарын қамтыған сараптама қорытындысын жібереді.

Келісуші мемлекеттік органдар белгіленген мерзімде жауап ұсынбаған кезде, Рұқсаттар және хабарламалар туралы заңның 25-бабы 3-тармағына сәйкес пестицидті мемлекеттік тіркеу келісілді деп есептеледі.

Уәкілетті мемлекеттік органдармен келісулер мемлекеттік тіркеуге ұсынылған пестицидті ауыл шаруашылығы өндірісінде қолданудан ықтимал тәуекелдердің болуы немесе болмауы және пестицидтің әсер етуші затының немесе пестицидтің өзінің Тізбеде және (немесе) Тізілімде болмауы тұрғысынан жүзеге асырылады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның келісімін алу үшін Ведомство пестицидті мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сұранымға мынадай құжаттарды қоса береді:

1) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке арналған қысқаша дерекнаманың электрондық көшірмесі;

2) пестицидті экологиялық-токсикологиялық және токсикологиялық-балық шаруашылығы бағалауы туралы есептердің электрондық көшірмесі (ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін олардың қызметін жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын рұқсат беру құжаттарының (аккредиттеу, сертификат) (нотариалды куәландырылған көшірмесі) негізінде Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттерінде ұсынуға жол беріледі);

3) балара шаруашылығы және мал шаруашылығы үшін пестицидтің ветеринариялық-санитариялық, экологиялық-токсикологиялық бағалау туралы есептердің электрондық көшірмесі (ғылыми ұйымдардың зерттеу нәтижелерін олардың қызметін жүзеге асыруға сәйкестігін растайтын рұқсат беру құжаттарының (аккредиттеу, сертификат) (нотариалды куәландырылған көшірмесі) негізінде Украинада, Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттерінде ұсынуға жол беріледі);

4) пестицидті өндіруші немесе тіркелуші (өтініш беруші) әзірлеген пестицидтің қауіпсіздік паспортының электрондық көшірмесі;

5) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті тасымалдау, сақтау, қолдану және зарарсыздандыру жөніндегі ұсынымдардың электрондық көшірмесі;

6) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес қазақ және орыс тілдерінде ақпараты бар пестицидтің ыдысындағы заттаңбасының электрондық көшірмесі.

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органның келісімін алу үшін Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері пестицидті мемлекеттік тіркеу мүмкіндігі туралы сұранымға рұқсат беру құжаттарының (аккредиттеу, сертификат) (нотариалды куәландырылған көшірмесі) негізінде Еуразиялық экономикалық одақ мүше мемлекеттерінде қызметін жүзеге асыратын ғылыми ұйымдардың пестицидтің әсер етуші заты мен препараттық нысанын токсикологиялық-гигиеналық бағалау жөніндегі қорытындысының электрондық көшірмесін қоса береді.

Пестицидтің әсер етуші заты мен препараттық нысанын токсикологиялық-гигиеналық бағалау жөніндегі қорытындыда Кеден одағы Комиссиясының 2010 жылғы 28 мамырдағы № 299 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақта санитарлық шараларды қолдану туралы" санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауға (бақылауға) жататын өнімге (тауарларға) қойылатын бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптардың II тарауының 15-бөлімінің 17-тармағында көзделген мәліметтер көрсетіледі.

Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері пестицидке арналған тіркеу дерекнамасының материалдарын қарағаннан және уәкілетті мемлекеттік органдардың келісімін алғаннан кейін мына шешімдердің бірін қабылдайды:

1) пестицидті мемлекеттік тіркеу және тіркелушіге (өтініш берушіге) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидке тіркеу куәлігін беру туралы қорытынды;

2) осы Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту.

Нәтиже Ведомствоның уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында тіркелушінің (өтініш берушінің) "жеке кабинетіне" портал арқылы жіберіледі.

Ведомство пестицидті мемлекеттік тіркеуге арналған электрондық өтінімді қарауды, пестицидті мемлекеттік тіркеуді уәкілетті мемлекеттік органдармен келісуді, шешім қабылдауды және пестицидке тіркеу куәлігін ресімдеуді немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды тіркелуші (өтінім беруші) осы Қағидаларда белгіленген тиісті құжаттары бар электрондық өтінімді ұсынған күннен бастап 18 (он сегіз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.";

мынадай мазмұндағы 39-1-тармақпен толықтырылсын:

"39-1. Тіркелген пестицидті пайдалану (қолдану) саласы кеңейген кезде тіркелуші (өтінім беруші) электрондық нысанда портал арқылы Ведомствоға осы Қағидаларға 14-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркелген пестицидті пайдалану (қолдану) саласы кеңейген кездегі өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тіркелушінің (өтінім берушінің) тіркелген пестицидті пайдалану (қолдану) саласы кеңейтуге арналған құжаттарын қарау осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Жекелеген зиянды және аса қауіпті зиянды организмдермен, сондай-ақ, таралуы өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне елеулі зиян келтіруге, фитосанитариялық жағдайдың нашарлауына әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының аумағында алғаш рет анықталған зиянды, аса қауіпті зиянды организмдер, карантиндік объектілер және бөтен текті түрлермен күресу үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің " Республикалық фитосанитариялық диагностика және болжамдар әдістемелік орталығы " мемлекеттік мекемесінен оларға қарсы тіркелген пестицидтері, тәуекелі төмен биологиялық препараттары жоқ зиянды немесе аса қауіпті зиянды организмдердің немесе карантиндік объектілердің және бөтен текті түрлердің анықталғаны туралы ақпарат болған кезде 2 (екі) жылдан аспайтын мерзімге пестицидтерді уақытша тіркеуге рұқсат етіледі.

Пестицидтерге уақытша тіркеуді алу үшін тіркелуші (өтінім беруші) электрондық нысанда портал арқылы Ведомствоға осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті уақытша тіркеуге арналған өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеу кезеңінде тіркелушімен (өтінім берушімен) осы Қағидаларға сәйкес оны одан әрі мемлекеттік тіркеу үшін, ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтар, токсикологиялық бағалау жүргізіледі.

Алғаш рет анықталған карантиндік объектілермен күресу үшін әсер ету механизмі (түйіспелі, ішек, жүйелік және тағы басқа) әр түрлі екіден аспайтын пестицидтерді уақытша тіркеуге рұқсат етіледі.

Тіркелуші (өтінім беруші) Стандартта көрсетілген құжаттардың толық пакетін ұсынған кезде Ведомствоның жауапты құрылымдық бөлімшесінің қызметкері уәкілетті мемлекеттік органдарға сұраным жолдайды, олар 10 (он) жұмыс күні ішінде Ведомствоға 2 (екі) жыл мерзімге пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеуді келісу немесе пестицидті уақытша тіркеуді келісуден бас тарту ұсынымдарын қамтыған сараптама қорытындысын жібереді.

Ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Ведомство пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеуді және тіркелушіге (өтінім берушіге)

пестицидке тіркеу куәлігін беру немесе пестицидті уақытша тіркеуден бас тарту және тіркелушіге (өтініш берушіге) осы Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Пестицидті, тәуекелі төмен биологиялық препаратты уақытша тіркеу туралы шешімді қабылдаған кезде Ведомство пестицидтер тізіміне және оның толықтыруларының тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

Пестицидке, тәуекелі төмен биологиялық препаратқа арналған уақытша тіркеу куәлігінің қолдану мерзімі 2 (екі) жылды құрайды.";

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. Пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданысы:

1) пестицидті мемлекеттік қайта тіркеуге өтінім беру жағдайларын қоспағанда, пестицидке арналған тіркеу куәлігінің қолданылу мерзімінің аяқталуы;

2) уәкілетті мемлекеттік органдар растаған, пестицидтің адамдардың денсаулығы, жануарлар немесе қоршаған орта үшін қауіптілігі туралы бұрын белгісіз мәліметтердің алынуы;

3) тіркелген пестицидті ауыл шаруашылығы өндірісінде қолдану кезде зиянды және аса қауіпті зиянды организмдер санының зияндылықтың экономикалық шегінен төмен төмендеуін, сондай-ақ карантиндік объектілер санының рұқсат етілген деңгейге дейін төмендеуін қамтамасыз етпейтін биологиялық тиімділігінің жеткіліксіздігі фактісінің анықталуы;

4) пестицидтің уәкілетті мемлекеттік органдар растаған Тізбеге немесе Тізілімге енгізілуі кезінде тоқтатылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Рецептурасы мен тіркелген пестицидті өндіру технологиясы сақтала отырып, оны өндіруші ауысқан немесе қосылса, тіркелуші (өтінім беруші) пестицидтің болжанып отырған Қазақстан Республикасының аумағына әкелерден 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей Ведомстваға электронды түрде портал арқылы осы Қағидаларға 15-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рецептурасы мен тіркелген пестицидті өндіру технологиясы сақтала отырып, оны өндіруші ауысқан немесе қосылған кездегі өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Ведомство пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігін жою және оны пестицидке арналған жаңа тіркеу куәлігімен ауыстыру немесе өндірушіні ауыстырудан немесе қосудан бас тарту туралы және тіркелушіге (өтініш берушіге) осы Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігін жою және оны пестицидке арналған жаңа тіркеу куәлігімен ауыстыру туралы шешім қабылданған кезде пестицидтің жаңа өндірушісін қосымша көрсетеді, Ведомство пестицидтер тізіміне және оның

толықтыруларының тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл ретте мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидтің жаңа тіркеу және өндірістік сынақтары жүргізілмейді.

Тіркелуші (өтінім беруші) ұсынған құжаттарды қарастыруды, шешім қабылдауды, пестицидке жаңа куәлік ресімдеу мен беруді Ведомство оларды ұсынған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.";

52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"52. Пестицидтерді қайта тіркеу үшін тіркелуші (өтінім беруші) порталда осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті қайта тіркеуге арналған өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Пестицидті қайта тіркеу осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес жүзеге асырылады .";

54-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"54. Пестицидтер қайта тіркеуге:

1) уәкілетті мемлекеттік органдар растаған, олардың адамдардың денсаулығына, жануарларға немесе қоршаған ортаға қауіптілігі туралы бұрын белгісіз жаңа деректердің алынуы;

2) пестицидтің Қазақстан Республикасы ратификациялаған конвенциялардың тізбесіне және Тізілімге енгізілуі;

3) ресми тиісті актімен ресімделген, оны мемлекеттік тіркеу кезінде ауыл шаруашылығы өндірісінде пайдаланылатын пестицидтің белгіленгеннен нормасынан төмен шығыс нормасының биологиялық тиімділігі туралы деректердің алынуы;

4) пестицидтің химиялық құрамы, рецептурасы және өндіру (формуляциялау) технологиясының өзгеруі кезінде жатпайды";

56-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"56. Тіркелуші (өтінім беруші) ауысқан кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға портал арқылы электронды түрде осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркелуші (өтінім беруші) ауысқан кезде өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кезде тіркелуші (өтінім беруші) Ведомствоға портал арқылы осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кездегі өтінімді және Стандартта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

Ұсынылған құжаттарды қарағаннан кейін Ведомство пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігінің күшін жою және оны жаңа тіркеу куәлігімен ауыстыру немесе тіркелушіні (өтініш берушіні) ауыстырудан бас тарту немесе тіркелушінің (өтініш

берушінің) атауын өзгерту туралы және тіркелушіге (өтініш берушіге) осы Қағидаларға 14-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуден уәжді бас тарту туралы шешімді қабылдайды.

Пестицидке бұрын берілген тіркеу куәлігінің күшін жою және қолданылу мерзімі мен жаңа тіркелуші (өтінім беруші), пестицидтің саудалық атауы, оның әсер етуші заты, пестицидті қолдану регламенттері туралы ақпаратты, сондай-ақ жаңа тіркеу нөмірі мен жаңа ресімдеу күнін бере отырып пестицидті өндіруші туралы ақпаратты көрсете отырып, оны жаңа тіркеу куәлігімен ауыстыру туралы шешім қабылданған кезде Ведомство пестицидтер тізіміне және оның толықтыруларының тізіміне өзгерістер енгізеді және бұл туралы ақпаратты Министрліктің интернет-ресурсында орналастырады.

Бұл ретте пестицидті мемлекеттік тіркеу мерзімі сақталады, пестицидтің жаңа ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтары жүргізілмейді.

Стандартта көрсетілген құжаттарды қарастыруды, шешім қабылдауды, пестицидке жаңа тіркеу куәлігін ресімдеуді және беруді Ведомство олар ұсынылған күнінен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырады.";

көрсетілген Қағидаларға 11-қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 13-қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 14-1 және 14-2-қосымшалармен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 15-қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес 15-1-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген Қағидаларға 16-қосымша осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 8 және 9-қосымшаларға сәйкес 17 және 18-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық, фитосанитариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

С. Омаров

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау

министрлігі

КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы Экология,

геология және табиғи ресурстар министрлігі

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2021 жылғы 13 мамырдағы
№ 160 бұйрығына 1-қосымша
Пестицидтерді тіркеу
(ұсақмөлдекті және өндірістік)
сынақтарынан өткізу және
мемлекеттік тіркеу
қағидаларына
11-қосымша

"Пестицидтерді мемлекеттік тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы).
2	Мемлекеттік қызметті беру тәсілі (қол жеткізу каналдары)	Өтінімді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру "электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:	1) пестицидке арналған тіркеу куәлігін алған кезде – 18 (он сегіз) жұмыс күні; 2) тіркелген пестицидті пайдалану (қолдану) саласы кеңейген кезде – 18 (он сегіз) жұмыс күні; 3) пестицидтерге уақытша тіркеуді алған кезде – 18 (он сегіз) жұмыс күні; 4) рецептурасы мен тіркелген пестицидті өндіру технологиясы сақтала отырып, оны өндіруші ауысқан кезде – 30 (отыз) жұмыс күні;

		5) пестицидтерді қайта тіркеу үшін – 18 (он сегіз) жұмыс күні; 6) тіркелуші (өтінім беруші) ауысқан кезде – 30 (отыз) жұмыс күні; 7) тіркелушінің (өтінім берушінің) атауы өзгерген кезде – 30 (отыз) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған).
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Пестицидке арналған тіркеу куәлігі не мемлекеттік қызметті көрсетуден уәжді б а с т а р т у . Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны –электрондық.
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ақысыз негізде.
7	Жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін қоса алғанда сағат 13-00-ден 14-30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00 - д е н 18.30 - ғ а д е й і н ; 2) портал – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген жағдайда, өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге а с ы р ы л а д ы) . Мемлекеттік қызметті көрсету орнының мекенжайы көрсетілетін қызметті берушінің ресми интернет-ресурсында www. gov. kz орналастырылған.
		Пестицидке арналған тіркеу куәлігін алу үшін: 1) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4-4/61 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11687 болып тіркелген) бекітілген Пестицидтерді тіркеу (ұсақмөлдекті және өндірістік) сынақтарынан өткізу және мемлекеттік тіркеу қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидті мемлекеттік тіркеуге арналған өтінім; 2) Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі ұсақмөлдекті сынақтардың нәтижелері туралы есеп және Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің биологиялық және шаруашылық тиімділігін бағалау жөніндегі өндірістік сынақтардың нәтижелері туралы есептердің электрондық көшірмелері (бұдан әрі – пестицидтің ұсақмөлдекті және өндірістік сынақтарының нәтижелері т у р а л ы е с е п т е р) ; 3) Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің өсімдік шаруашылығы өніміндегі және қоршаған орта объектілеріндегі қалдық мөлшелерінің құрамын анықтау жөніндегі жұмыстарды жүргізу нәтижелері туралы есептің электрондық көшірмесі; 4) Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пестицидтің өндірістік сынақтарын бағалау актісінің электрондық көшірмесі;

